



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы «20» тамыз айы
№ 106-1168 қаулысына
9-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№ 9 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 9 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы және оған қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган жергілікті атқарушы орган – Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) болып табылады.

Кәсіпорынның уәкілетті органы «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

3. Кәсіпорынның толық атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 9 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Кәсіпорынның қысқартылған атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 9 қалалық емхана» ШЖҚ МКК.

4. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 16/1 ғимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

5. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

6. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

7. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

8. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

10. Кәсіпорын қызметінің мақсаты алғашқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсету болып табылады.

11. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) пациенттерге дәрігердің қарауына дейінгі көмек, жіті және созылмалы ауруларда, жаракат алу, улану немесе басқа шұғыл жағдайларда білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

2) шұғыл медициналық көмек көрсету, соның ішінде үй жағдайында;

3) бекітілген халыққа шұғылдығы бойынша 4 (төртінші) санаттағы жедел медициналық жәрдем көрсету;

4) созылмалы аурулары бар тұлғаларға динамикалық бақылау жүргізу;

5) ауруларды ерте анықтау мақсатында пациенттерді тексеру;

6) пациенттерді стационарларға жатқызуға жолдау, медициналық сауықтыруға және санаторийлық-курорттық емдеуге іріктеу;

7) функциялары бұзылған, тіршілік әрекеті және еңбекке жарамдығы шектеулі науқастарға ерте, жалғастырушы және кешіктірілген медициналық сауықтыру жүргізу;

8) профилактикалық тексерудің барлық түрлерін (скринингтік, жұмысқа кірерден алдын, маусымдық, нысаналы және т.б.) және денсаулық сақтау саласындағы құзыретті орган белгілеген тәртіпте медициналық-санитариялық алғашқы көмектің медициналық қызметтері көлемін көрсету;

9) емханаға бекітілген халықты дәрілермен қамту;

10) инфекциялық аурулар ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізу;

11) науқастардың еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, еңбекке жарамдылығын тұрақты жоғалту белгілері бар тұлғаларды Қазақстан Республикасының халқын аумақтық әлеуметтік қорғау органдарына жолдау;

12) статистикалық есеп беру мен есептілікті жүргізу, статистикалық деректерді талдау, соның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіптегі электрондық нысанда;

13) тұрғындар арасында аурудың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша түсініктеме жұмысын алып бару;

14) отбасын, ананы, әкені және баланы қорғау, сонымен қатар отбасын жоспарлау;

15) иммунопрофилактиканы ұйымдастыру және жүргізу;

16) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте профилактикалық және скринингтік бағдарламаларды жүзеге асыру;

17) бекітілген халыққа психологиялық көмек және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету;

18) психиатрия, тармақтары: психотерапия, наркология бейіні бойынша бекітілген халыққа медициналық көмек көрсету;

19) онкосақтық, туберкулезді, жыныс жолымен жұғатын ауруларды анықтау бойынша емдік-диагностикалық шараларды жүргізу, анықталған науқастар туралы ақпаратты тиісті денсаулық сақтау ұйымдарына уақытылы хабарлау;

20) хирургиялық науқастарға емдеудің ең төмен қауіпті озық әдістерін қолданатын хирургиялық стационар, емханалық, диагностикалық, физиотерапиялық бөлімшелер кіретін Амбулаториялық хирургия орталығын дамыту;

21) емдік әсерді ұстап тұрушы фазадағы туберкулез науқастардың химиотерапиясы;

22) дәрігерлер мен орта медициналық персоналдың біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар;

23) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттен тыс қаражатты тарту бойынша жұмыс істеу;

24) персонал мен құрылымдық бөлімшелердің жұмыс есебі, жұмысты сипаттайтын статистикалық деректерді талдау;

25) халыққа ақылы медициналық қызметтерді көрсету;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.

Міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрлерін Кәсіпорын тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

12. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

13. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтайшылық құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі әкімдіктің, уәкілетті органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Кәсіпорын басшысының жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

15. Әкімдік:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Кәсіпорынның директоры:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда қорғайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шегінде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзатын қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді.

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Кәсіпорынның басқару органы байқау кеңесі болып табылады, ол белгіленген тәртіппен:

1) уәкілетті органға Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорын және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады, аталған қаражаттардың нысаналы пайдаланылуына тексеріс жүргізу үшін уәкілетті органға ұсыныстар береді;

5) Кәсіпорын директорын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органның ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттілік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) уәкілетті органға Кәсіпорын жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

10) уәкілетті органға Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) уәкілетті органға Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

12) байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ тоқсанына бір реттен кем болмауы қажет;

13) Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, уәкілетті органның байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын директорының талабы бойынша шақыруы мүмкін;

14) егер байқау кеңесінің барлық мүшелеріне оны өткізу уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы заңды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді;

15) байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады;

16) байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

25. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

5. Кәсіпорынның мүлкі

26. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілген Кәсіпорынның активтері құрайды.

27. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшатай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

29. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

30. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылданған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

33. Кәсіпорының негізгі құралдарына жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

34. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 33-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

35. Осы Жарғының 35-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

36. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде әкімдік Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

37. Кәсіпорын әкімдіктің жазбаша келісімімен уәкілетті органның ұсынымы бойынша филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы.

38. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

39. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, осы Жарғының 37 және 38-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

40. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіпте алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

41. Кәсіпорынның таза табысының бөлігін аудару нормативін әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударуға жатады.

Кәсіпорын таза табысының бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

42. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

43. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландыруын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландыратын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорын белгілейді.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіпте бюджетке алып қоюға жатады. Бухгалтерлік есептің ережелеріне сәйкес бейнесін тиісті түрде

көрсетпестен пайдалану фактілерін анықтаған жағдайда, ол сондай-ақ алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

45. Кәсіпорынның жарғылық капиталының көлемі 110342769 (жүз он миллион үш жүз қырық екі мың жеті жүз алпыс тоғыз) теңге 07 (жеті) тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастырған.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

46. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің уәкілетті органның келісімі бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

48. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді.

10. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

49. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

50. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

51. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын әкімдік белгілейді.

52. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін

белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

53. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін әкімдік белгілейді.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

54. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды уәкілетті орган жүзеге асырады.

56. Таратылған Кәсіпорынның кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін әкімдік қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

57. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды әкімдік енгізеді.
